

«Шабьт» - жобасына 2023-2024 оқу жылында 15 оқушы тартылды. Ұстаздар күніне орай «Ұстаз-ұлағатты есім» атты қойылым жұмысы жүргізілді. Қазақ театрының құрылуы, дамуы туралы білімдерін жетілдіру мақсатында «Қазақ театр өнері» тақырыбында бейнекөрсетілім көрсетілді. Театр сахнасының мәдениеті мен жалпы қағидалары туралы ақпарат беру мақсатында «Сахна мәдениеті» атты баяндама оқылса, қазақ драматургиясының даму жолындағы үлес қосқан қайраткерлері туралы «Қазақ драматургиясы және оның бөлімдері» атты бейнекөрсетілім көрсетілді. Жыл соңында «Мәңгі ұмытылмайды» тақырыбына сәйкес «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай» мерекелік шара ұйымдастырылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Шабьт» жобасына 25 оқушы тартылды. Жоба жұмыстары арқылы әр оқушының жеке ерекшеліктерін нақтылай отырып, оқушы бойына рухани құндылықтар сіңіру көзделді. Бала бойындағы ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастырып, ұрпақты туған жерін қадірлеуге, тарихымызды түсінуге, бағалауға, ұлттық мұраны насихаттауға арналған жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Шабьт» клубының жоспарымен таныстыру жүргізілді. Ұстаздар мерекесіне орай «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылып, А.Дүйсеновтың «Ұстазым менің» әні хормен орындалды. «Әншуақ» бағыты бойынша 5-сынып оқушысы Алтаева Мейірім «Әжетайым» әнін орындады. «Ән – көңілдің ажары» атты 3-5 сынып оқушылары арасында байқау ұйымдастырылып, номинациялармен марапатталды. Халқымыздың ұлттық құндылықтары мен рухани мәдениетін дәріптеу мақсатында «Ана-дана, Ана-дара» хоры орындалды. «Мектеп театры» бойынша «Қазыбек бидің даналығы» қойылымы қойылды. Бұл оқушылардың шығармашылығын дамыта отырып, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатын көздеді. Әр баланың жүрегіне анаға деген мейірім мен махаббатты ұғындыру мақсатында «Ананың аялы алақаны» челленджі ұйымдастырылса, қазақ халқының бай мәдениетіне деген құрмет сезімін дамыту мақсатында «Ұлттық мәдениет» көрмесі өткізілді. Жыл соңында жыл бойы өткізілген шараларға есеп беріліп, келер оқу жылына оқушыларға сәттілік тілеп «Шабьт» жобасы қорытындыланды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасына 1-11 сынып оқушылары тартылды. Замауи мектеп оқушысының рухани-адамгершілік және интеллектуалдық дамуының шарты ретінде оқу сауаттылығын қалыптастыру және жетілдіру мақсатында оқушылармен жұмыс жасалды. Тілдер күніне орай «5 қыркүйек – ҚР халықтарының тілдері күні» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. «Бізді ақылды ететін кітап – дана» тақырыбында кітап керуені ұйымдастырылса, «Кітап жан азық деп қанып іш...» атты оқушылар мен мұғалімдер арасында көрме өткізілді. Отбасы ішіндегі ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ата-аналар мен оқушыларды қатыстыра отырып, «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында отбасымен кітап оқу челленджі ұйымдастырылды. Тоқсан демалыстарын тиімді ұйымдастыр мақсатында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз», «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты кітап оқу марафоны болды. Сондай-ақ, «Мен оқыған бір кітап», «Мұзафар Әлімбаевтың өмір жолы мен шығармашылығы», «Мақал - сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» атты іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 1-11 сынып оқушылары қамтылып, кітап оқуға және білім алуға қызығушылықтарын қалыптастыру мақсаты көзделді. «Кітап ғұмырлық байлық» тақырыбында кітап сыйлау акциясы жүргізілді. Отбасы ішіндегі баланың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту мақсатында «Әжемнің ертегісі» атты челлендж өткізілді. «Тіл, тарих, мәдениет – мәңгілік мұра» тақырыбындағы апталыққа орай «Кітаптар әлеміне саяхат» атты 2 сұрақ, 1 бауырсақ атты шара ұйымдастырылды. Оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Қыста кітап оқимыз жадымызға тоқимыз» тақырыбында өздері оқыған кітаптың мазмұнын айта отырып, бір-бірімен пікір алмасты. «Кітап – тарих шежіре» атты әдеби кеш өткізілсе, «І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан буктрейлер жасалды. М.Мақатаевтың туған күніне орай мектеп ұстаздары мен оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Жыл соңында оқушылар өздері оқыған кітаптарын талқылап, бір-біріне кеңес берумен іс-шара қорытындыланды.